



ӘОЖ 37.017.2

**Сәдірмекова Ж.Б.,
Әбуов Ә.Е.**

**МАХМУД ҚАШҚАРИДЫҢ
ТАРИХИ МӘДЕНИЕТКЕ
ҚАТЫСТЫ ЕҢБЕКТЕРІ**

*В данной статье рассматривается
труд М.Кашгари с педагогической
точки зрения.*

*This article investigates a formulation
of work of M. Kashgari on theoretical
to a basis. His works is possible to
name as the first encyclopedia.*

М.Қашқари мұраларын зерттегенде қай саласын алсақ та, уақыт озған сайын құнын жоғалтпай, қайта қажеттілігі арта түсетін, рухани азығы мол қазына екеніне көзіміз жетіп отыр.

Адами тұлға мен оның болмысына байланысты мәселелер XI ғасырдан бастап қазақтың қоғамдық, әлеуметтік ғылымдарында зерделі зерттеу нысанасына айналды. Феодалдық элементтерінің келуімен еліміздің экономикалық, әлеуметтік, саяси өмірінде болған түбегейлі өзгерістерге байланысты теориялық мәнге ие болды. Осы кезеңдегі қоғамдық қатынастың жаңа феодалдық жүйесі әлеуметтік қайшылықты бұрын-ғыдан да шиеленістірді.

М.Қашқаридың педагогикалық мұраларын теориялық негізде қалыптастыру санасы, оның өмірден орын алуы, кезінде, Әбу Насыр әл-Фараби, Жүсіп Баласағұни, Ахмет Жүйнеки, Қожа Ахмет Яассауидың халқын оятпақ болып тер төккен сана проблемасына, құрамдас бөлігіне айналды. Барлық дағдарыстан құтқарып, даланы бостандық пен өркениетке жеткізетін даму жолдарын іздестірген халқымыздың ұлы перзенттері ақыры ағарту мұратына тоқталады.

Олардың жасаған қызметі еліміздегі алғашқы ағарту кезеңін құрайды. Атап айтқанда М.Қашқаридың педагогикалық мұрасының теориялық негізі нақты.

Ағартушылықтың Қазақстанда пайда болу тарихы әлеуметтік дамудың заңдылықтарымен оның ішкі логикасымен тікелей байланысты болды. Бұл идея XI-ғасырда Орта Азияда кең тарап, етек жайған болатын.

Қазақтың бүкіл қоғамдық ойының одан әрі дамуына айрықша ықпал жасаған Жүсіп Баласағұни шығармашылығы адам проблемасына, оның табиғи және әлеуметтік жақтарының арақатынасына жаңаша қарайтын, адамгершілік, кемелдену, гуманизм идеяларын өзгеше пайымдайтын жаңа сыншыл реалистік сананы тудырды. Бұл шын мәніндегі рухани өмірдегі төңкеріс еді.

Оның еңбектерінде адам бұрын-соңды болмаған сыншылдығымен, толыққандылығымен, адам мінезін қалыптастыратын әлеуметтік - тарихи, рухани жағдайларымен көрінді. Әсіресе адамның өзін-өзі кемелдендіру жағдайындағы ойлары айрықша көзге түсті.

Рухани кемелдену мәселесі Жүсіп Баласағұнидің ағарту идеясымен байланысты. Ал ағарту идеясы ол үшін тек қана халыққа білім берумен шектелмейді. Баласағұнидің айтуынша ағарту тек қана адамның сауатын ашып, білімін



жетілдіру емес, сонымен бірге оның жан дүниесіне, өзін-өзі тәрбиелеуге, өзін-өзі өнегелік тұрғысынан кемелдендіруге ықпал жасау.

Алғашқы феодалдық түрік мемлекетінде экономикалық, әлеуметтік, саяси-мәдени, ғылым-білім мәселелері жақсы жолға қойылған еді. Мұндағы ақын-жазушылар, ғұлама-ғалымдар, сәулетші, құрылысшылар сол кездегі түрік мәдениетінің дамуына зор үлес қосты. Осылардың арасында бұрынғы Кеңес Одағын мекендеген түркі тектес халықтардың тәлім-тәрбиелік пікірлерінің ілкі бастау, түп төркіні болып табылатын рухани мұралардың ішіндегі қомақтысы – Жүсіп Баласағұнидің (XI ғ.) «Құдатғу білік» атты шығармасы. Бұл дидактикалық және этикалық жанрада жазылған шығарма. «Құдатғу білік» - түркі сөздері. Мұндағы «құдатғу» сөзі «құт», «бақыт», «құтты» деген мағынаны, екіншісі – «білік» яғни «білім», «кітап» деген мағынаны білдіреді. Олай болса, «Құдатғу білікті» қазақша «Құтты білік», «білімді қутайтушы кітап» немесе «бақытқа жету ғылымы» деуге болады. Дастан 85 тараудан, 6645 өлең жолынан (бәйіттен) тұрады. Шығарма оқиғасына қатысатын төрт кейіпкер төрт қасиеттің (әділет, дәулет, парасат, қанағат) иесі болып табылады да, осы төртеудің арасындағы бақыт туралы сөздің жартысы диалогқа құрылған. Шығарма көшпелі қазақтарда айтыс жанрының тууы жайында да қызықты деректер береді.

«Құдатғу біліктің» авторы Жүсіптің туып-өсіп, тәрбие алған жері – Баласағұн қаласы. Бұл қазіргі Шу өзенінің бойындағы Тоқмақ қаласынан онша қашық емес, кейініректе қаңлы тайпасының астанасы болған.

Дастанның мазмұнын ұғыну қиынға соқпайды, ол көркем, қарапайым тілмен жазылған. Жазылу стилі жағынан ол араб-парсы поэзиясымен, әсіресе Фирдаусидің атақты «Шахнамасымен» үндес. Баласағұндық Жүсіптің «Құтты білікті» түркі тілінде жазуы, сөйтіп оның өз ана тілін аса қадір тұтып, құрметтеуі ерекше атап өтуді қажет ететін жәйт. Автор көңіл бөлген мәселенің бірі – ел билеу жүйесін тәртіпке түсіру, оның бейбіт өмір сүруі жөнінде қам жеуі – бұл халық игілігі үшін қызмет ету деген сөз. Бұл жөнінде Жүсіп: «Семсер мемлекетті ұлғайтып, оның билеушісі алдында бас июшілерді көбейтсе, қалам мемлекетті нығайтып, оның билеу жүйесін ретке келтіреді, яғни мемлекеттік нығайтып, оның билеу жүйесін ретке келтіреді, яғни мемлекеттік аппараттың қызметі атқа мінген мың сан нөкерден кем түспейді», - дейді.

XX ғасырда «Диуани лұғат-ит-түрк» еңбегі түрік дүниесінің әлемдік ғылым қазынасына қосқан ұлы мұрасы ретінде танылып, ғалымдардың зерттеу еңбектеріне арқау болды. Оның 1915-1917 жж. жарық көрген бірінші басылымының (К.Рифат) өзі халықаралық ғылыми қоғамдастықтың ерекше қызығушылығын тудырды.

Атақты неміс ғалымы, шығыстанушы К.Брокельманн 1918 жылдардан бастап, М.Қашқари еңбегінде келтірілген түрік тайпаларының өмірі мен жергілікті тілдеріне қатысты грамматикалық ерекшеліктер, мақал-мәтелдер, мәліметтер туралы бірнеше мақалалар жазды. Сонымен бірге 1928 жылы К.Рифаттың басылымы негізінде «Орта түрік тілінің сөздігін» құрастырды. 1921 жылы неміс шығыстанушысы Г.Бергштроссер «Диуани лұғат-ит-түрк» құрылымына арналған мақала жазды, онда «Диуани лұғат-ит-түрк» құрылымын әл-Фарабидің «Диуани әл-Адаб» еңбегінің құрылымымен салыстырды. Мұнда түсіндіре кететін жәйт, «Диуани әл-Адам» («Әдеби жинақ») еңбегінің авторы Фараб қаласынан шыққан оқымыстылардың бірі Әбу Ибраһим Исхақ ибн Ибраһим әл-Фараби деген ғалым. Оны ғылым әлеміне танытқан аталмыш еңбегі 1974-1978 жылдары Каирде 4 том болып жарияланған, бұл еңбекте автор тіл білімінің көптеген мәселелерін қорытып, поэзия мен проза, мақал мен нақыл сөздердің анықтамасын береді, тіл, әдебиет салалары бойынша тын ой-пікірлер айтады. 1923 жылы Ф.Хоммел «Түрік сөздігінде» келтірілген ежелгі түрік мақал-мәтелдері туралы мақала жазды.

Орыс шығыстанушысы В.В.Бартольд 1921 жылы Петроградта Орыс Археологиялық қоғамы Шығыс бөлімінің мәжілісінде «XI ғасырдағы түрік-араб сөздігі» атты баяндама жасады. Сонымен бірге «Түрік сөздігіндегі» тарихи-этнографиялық материал В.В.Бартольдтің Орта Азиядағы түрік халықтарының тарихы бойынша атақты дәрістерінде баяндалған түріктер тарихының тұжырымдамасын жасауға негіз болды. Осы жылы орыс түркітанушысы С.Е.Малов өзінің ежелгі түрік әдебиеті бойынша хрестоматиясына «Түрік сөздігінен» орысша аударып, бірнеше өлеңдер енгізді, ал 1951 жылы «Ежелгі түрік жазбаларының ескерткіштері» атты зерттеу жұмысын дайындады, онда «Түрік сөздігін» оқып-үйренуге қатысты көптеген материалдар келтірілген.



20-жылдары «Түрік сөздігі» кеңестік ғалымдардың назарын аударып, Азербайжанда Б.Чобанзаде мен П.К.Жузенің, Татарстанда Дж.Велидовтың, Өзбекстанда А.Фитраттың ғылыми еңбектері жарық көреді.

30-жылдардан бастап түрік шығыстанушысы М.Ф.Копрюлю «Түрік сөздігі» материалдарына сүйене отырып, түрік тілдерінің тарихына арналған бірнеше еңбектер жазды. Басқа түрік оқымыстысы А.З.Валиди Тоған 1932 жылы «Түрік сөздігінің» жазылу мерзімін нақтылау және М.Қашқаридің өмірбаянын қайта жасау мақсатымен мақалалар жазды [332]; 332].

1935 жылы А.Геррманн «Түрік сөздігіне» енген әлемнің ең ежелгі түрік картасы ретінде белгілі М.Қашқаридің дөңгелек картасы туралы мақала жариялайды. Бірнеше жылдар өткен соң Кеңес Одағында бұл тақырып бойынша И.И.Умняков айналысады. 1939 жылы КСРО-да «Түркмендер мен Түркмения тарихы бойынша материалдар» деген ғылыми жинақ жарық көрді, оған М.Қашқари және оның еңбегі туралы мәлімет келтірген В.И.Беляевтің еңбегі, «Түрік сөздігінен» И.Н.Лемановтың орыс тіліне аударған түркмен-оғыздарға арналған үзінділері енгізілген.

Б.Аталайдың аударған түрік тіліндегі «Түрік сөздігі» басылымының жарық көруі (1939-1941 жж.) түрік тілін меңгерген ғалымдардың М.Қашқари еңбегін терең, әрі жан-жақты оқып-үйренуіне мүмкіндік берді. Бұл туралы көрнекті кеңестік түркітанушы ғалым А.Н.Кононов былай дейді: «Аталайдың аудармасы түркітанушылардың қолына терең ой-пікірлер мен маңызды қорытындыларға бай материалдары бар еңбекті ұсына отырып, түркітанудың дамуында айрықша роль атқарды» [5. 4]. «Түрік сөздігін» зерттеу тарихында Б.Аталайдың қолжазбаның факсимильді басылымын (1941 ж) және индекс сөздігін (1943 ж.) жарыққа шығаруы маңызды оқиға болды. 50-жылдары О.Прицак қараханидтер тарихы мен М.Қашқаридің өмірбаяны туралы дау тудыратын мәселеге арналған мақала жазды. 1956 жылы А.Бомбачи «Түрік әдебиетінің тарихының» бір бөлімін «Түрік сөздігінде» келтірілген поэтикалық нақыл сөздерге арнады. 1958 жылы «Түрік сөздігі» материалдарымен байланысты қазіргі түрік тілдерінің тарихына арналған С.Ахаллының зерттеуі жарық көрді. 1959 жылы «Түрік сөздігі» материалдары негізінде қазақ тілінің жасалу тарихы туралы С.К.Ибарогимов пен В.С.Храковский зерттеулер жүргізді.

Кеңестік түркітану ғылымының тарихында «Түрік сөздігінің» С.Муталлибовтың өзбек тіліне аударған басылымының жарық көруі маңызды оқиға болып, түрік тілінің тарихы бойынша бірнеше тың зерттеулерге жол ашты. 1960-70 жылдары М.Қашқари мен оның ұлы еңбегі «Түрік сөздігінің» әртүрлі салаларын қарастырған бірнеше зерттеулер жүргізілді. Олардың көпшілігі тілтану мәселесіне, түркі тілдерінің тарихы мен жіктемесін оқып-үйренуге арналған, олар туралы нақты мәліметтерді А.Н.Кононовтың мақаласынан алуға болады. Олардың ішінде «Түрік сөздігіндегі» түркі ауыз әдебиетінің дамуын зерттеген түркітанушы ғалым И.В.Стеблеваның еңбегін ерекше атауға болады. Ал Х.Хасанов Орта Азия ғалымдарының географиялық мұрасын зерттей отырып, М.Қашқари еңбегіндегі түрік жұртының географиялық жағдайына талдау жасады.

1970 жылдары американдық ғалымдар Р.Дэнкофф пен Дж.Келли «Түрік сөздігі» туралы бірнеше мақалалар жариялады, ал 1982-1985 жж. оның ағылшын тіліндегі аудармасын басып шығарды.

1980 жылдары «Түрік сөздігі» материалдары қарастырылған еңбектердің ішінен Х.Короглының ежелгі түрік әдебиеті туралы еңбегін, сонымен бірге петербургтық шығыстанушы А.Б.Халидовтың «Диуани лұғат-ит-түрк» пен әл-Фарабидің «Диуани әл-Адаб» кітабын салыстырған зерттеуін ерекше атап өтуге болады.

Қазақстанда да М.Қашқари мұрасына ғалымдар ерекше назар аударып, оны әр салада қарастырды. Ғұламаның философиялық ойларын алғашқы болып жүйелеген ғалымдардың қатарына Қ.Әлжанды жатқызуға болады. Ол «Қазақ даласының ойшылдары» атты топтама еңбектердің ауқымында алғашқы рет қазақ тілінде философиялық талдау мағынасында орта ғасырлық түркілік ойшылдың дүниетанымдық бағдарларын зерделеп берген болатын. М.Қашқари шығармашылығындағы «адам-әлем» қарым-қатынасы мәселесі Б.Н.Садуов зерттеуінде қарастырылып, ғұламаның философиялық идеяларының тарихи-мәдени және дүниетанымдық негіздері анықталды. Сонымен бірге белгілі тарихшы ғалым Б.Ирмухановтың «Түрік сөздігін» тарихтың қайнар көзі ретінде қарастыратын еңбектерінің құндылығы жоғары деп айтуға болады. Қазақ ғалымдарының айтары мол, құнды еңбектерінен ежелгі әдебиеттен жалғасқан дәстүрлі үрдіс мәселесі жайында да салмақты пікірлер табуға болады. Дәстүр жалғастығын басты нысан ретінде ұстанған Н.Келімбетовтің «Ежелгі түркі поэзиясы және қазақ әдебиетіндегі көркемдік дәстүр жалғастығы», Қазақстанда орындалған қомақты



зерттеулер болып табылады. Сонымен бірге А.Егеубайдың «Диуани лұғат-ит-түрікті» қазақ тіліне аударуы [303;307;366] М.Қашқаридің мұрасын қазақ халқының мәдениеті мен тарихына қатысты терең оқып-үйренуге мүмкіндік беріп, тың зерттеулер жүргізуге жол ашатынына сеніміміз мол.

Баласағұндық Жүсіптің моральдық-этикалық, психологиялық қағидалары ибн Сина мен әл-Фараби ілімдерімен сабақтасып жатады. Өйткені аталмыш дастаннан да адамдарды тәрбиелеу – мемлекет көздейтін негізгі шаралардың бірі, зұлымдық – барып тұрған әлеуметтік ауру, оны оқу-тәрбие арқылы ғана жоюға болады, адамдардың жақсы қылықтары мен қасиеттерін жетілдіре берсе, қоғамды да, мемлекетті де жақсартуға болады дейтін жалаң ағартушылық идея аңғарылады. Автордың философиялық қисындарын сөз еткенде ежелгі гректер мен әл-Фараби, ибн Синалар іліміне теориялық арқау болған бүкіл әлемдік үйлесімдік теориясы еріксіз еске түседі. Дастаннан әлем төрт түрлі элементтен (жер, су, ауа, от) құралған, бұлардың пропорциясы дүниедегі заттарды бір-бірімен үйлестіріп тұрады дейтін тұжырымға ұқсас жәйттер көптеп кездеседі. Үйлесімділік – қоғамдық-әлеуметтік жағдайлардан да орын алып отырады. Мәселен, ел билеушіден әділет, дәулет, қанағат, парасат сияқты төрт қасиет түгел табылса, онда мұндай басшысы бар елдің қойының үстіне бозторғай жұмыртқалайтын болады, оның әділдігі тек барша жұртты ғана бақытқа жеткізбейді, сонымен бірге әкімнің өзін де бақытты етеді, атын бүкіл әлемге жаяды.

Қазақ топырағында пайда болған осы дастанда қазіргі қазақ түсінігіне қонымды сөз тіркестерінің молдығы (мақал-мәтелдер мен афоризмдер), күні бүгінге дейін сөздік қорымыздан орын алып келе жатқанын ескерер болсақ «Құтты білік» түркі тектес халықтарға ортақ ескерткіш дей отыра, мұны қазақ халқының рухани мұрасына да тікелей қатысы бар дүние деуімізге болады.

«Түрік сөздігі» («Диуани лұғат-ит-түрік») көптеген зерттеу еңбектің жазылуына негіз болды. Бәд-реддин Махмұд ибн Ахмет ибн Мұса (хижра бойынша 758 жылы өлген) «Замана ақыл-ойының ақық-інжулері» деген еңбегінде түрік жұртының ру-тайпалары таңбалық белгілері, тілі мен тұрмысы туралы тұжырымды тиянақты да ықшам мағлұматтарды Махмұд Қашқаридің кітабынан оқығанын жазған. Бірқатар ежелгі Шығыс дүниесінің ғалымдары Махмұд Қашқари еңбегіне сүйенгендерін айтып, пікір білдіріп, сілтеме жасап отырған.

Көптеген ғалымдар Махмұд Қашқари еңбегі туралы құнды пікірлер айтып, жоғары бағалады. Махмұд Қашқари еңбегін түрік жұртының тұңғыш энциклопедиялық анықтамалығы деген дұрысырақ.

Әдебиеттер

- 1 Қашқари М. Түбі бір түркі тілі. - Алматы. Ана тілі. 1993.
- 2 Аманжолов К., Рахметов Қ. Түркі халықтарының тарихы. - Алматы, 1996.
- 3 Кенжебаев Б. «Дивани лұғат ит-түрік». - Алматы, 1986.
- 4 Әлжанов М.К. Қазақ даласының ойшылдары. - Алматы, 1994.
- 5 Өмірәлиев Қ. Ата тарихымызға үнілсек // Жалын, 1985, №5.